

КСАНТАН ШАЙЫРЫ**СИПАТТАМАСЫ**

SMARTVIS D Аса мұқият тазаланған тармақталған, молекулалық массасы жоғары биополимер (ксантан шайыры). Сулы негіздегі ерітінділердің реологиялық қасиеттерін реттеу үшін қолданылады. Тіпті салыстырмалы түрдегі аз концентрацияда реагент ерітінді тұтқырлығын арттырады және ұстап қалатын, шығаратын қабілетін сақтайды. Реагенттің басты тағайындалуы - ерітіндінің жоғары реологиялық қасиеттерін (ПВ, ДНС, СНС_{1/10}), ұстап қалатын және шығаратын қабілетін қамтамасыз ету. Реагент сулы негіздегі ерітінділердің барлық түрінде, соның ішінде ауырлатылған, тұзды және тұзға қаныққан ерітінділерді, теңіз суы негізіндегі ерітінділерде, түрлі аяқтау сұйықтықтарында өз тиімділігін көрсетті. SMARTVIS D реагентінің басты ерекшелігі бірегей реологиялық профиль болып табылады - ағыс жылдамдығы төмен кездегі ерітінді тұтқырлығының артуы, жылжу жылдамдығы жоғары кездегі төмен тұтқырлық, тегіс сынғыш СНС құрылымы. Қасиеттері ұқсас сұйықтықтарды кейде тұтқырлығы «кері» ерітінділер деп атайды, яғни, жылжудың динамикалық кернеу абсолюттік шамасы пластикалық тұтқырлықтан асып кетеді. Сәйкесінше, мұндай ерітінділерде ағыс жылдамдығы жоғары болған кезде (бұрғылау колоннасы, забойлық қозғалтқыш ішінде, қашау саптамасы бойында) тиімділігі төмен болады, бұл қысым шығынын азайтуға және қашаудағы гидродинамикалық қуатты, ВЗД арттыруға немесе өту жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді. Тұщы сазсыз ерітінділерде реагент 120°C дейін өз тиімділігін сақтайды. Жылуға тұрақтылығын тұз, антиоксидант, арнайы тұрақтандырғыштар қосу арқылы арттыруға болады. Реагент биологиялық ыдырағыш, сол себепті ұзақ мерзім қолданған немесе сақтаған кезде ерітіндіге аздаған мөлшерде бактерицид қосқан жөн.

НЕГІЗГІ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Сыртқы түрі	Ақшыл немесе ақ сары сусымалы ұнтақ
Ерігіштігі	Жеңіл ериді
Диспергирленуі	Жеңіл дисперстенеді
Ең төмен тұтқырлық, 4% NaCl	(F 0,2) мин. 55 шкала бойынша 300 (F 0,2) мин. 18 шкала бойынша 6 (F 0,2) мин. 15 шкала бойынша 3
Ылғалдылық	Ең көп 12 %
pH (1% ерітінді)	6 – 7

ҚОЛДАНЫЛУЫ

Ерітіндідегі SMARTVIS D ұсынылатын концентрациясы ерітіндінің қажетті тұтқырлығына байланысты және көптеген ерітінділер үшін 0,7 - 6 кг/м³ өзгереді. Арнайы сұйықтықтарды дайындау кезінде (фрезерлеу, күрделі жөндеу және т.б.) реагент концентрациясын 11 кг/м³ дейін ұлғайту қажет болады.

САҚТАУ

SMARTVIS D құрғақ жерде 24 айдан асырмай сақтаған жөн.

ҚАПТАМА

SMARTVIS D полиэтилен қабаты бар, 25 кг-дық көп қабатты қағаз қаптармен жеткізіледі.